

Д.Н. Тлепберген*, А.Ш. Акжигитова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: khamidulladinara@gmail.com, aakzhigitova@yahoo.com)

Қазақстандағы престижді жоспарлаудың мәселелері

Әлеуметтік лингвистика мәселелерінің ішінде тілдік жоспарлау мәселесі ерекше орын алады. Тілдік жоспарлау деп сөйлеу қауымдастығы ішінде тілдің қызметіне, құрылымына немесе тілді меңгеруге әсер ету үшін жасалған әрекеттерді айтамыз. Тілдік жоспарлау көбінесе жоғарыдан төмен, мемлекет басқаратын әрекет ретінде қарастырылады. Берілген мақалада авторлардың басты назары тілдік жоспарлаудың негізгі категориясы болып табылатын престижді жоспарлауда болды. Престижді жоспарлау тілдің қолданыс аясын төменнен жоғарыға қарай жұмсақ күштің септігімен кеңейтуге болатынын дәлелдейді. Мақалада престижді жоспарлау мәселесіне қатысты Қазақстан және шетел ғалымдарының зерттеулеріне шолу жасалған. Престижді жоспарлау сәтті тілдік болжам жасаудың негізі болып табылады деген тұжырымдама айтылды. Тіл саясаты мен тілдік жоспарлауды жүзеге асыруда жұмсақ күшті пайдаланудың маңыздылығы атап өтілді, сондай-ақ престижді жоспарлауды жүзеге асыруда Қазақстанда жұмсақ күштің құралдарын ұтымды қолдану мысалдары келтірілді. Тіл қозғалысы белсенділерінің талпыныстары мен тілдік жағдаятта болып жатқан елеулі өзгерістер сараланды. Әлеуметтік лингвистикалық сауалнаманың негізінде респонденттер үшін Қазақстандағы тілдердің рөлі мен маңызы зерттелді. Сауалнамаға қатысушылардың қазақ тілін қалай сөнге айналдыруға болатыны туралы пікірлері зерделенді. Бұл зерттеу қазақ тілінің тұғырының шын мәнінде нығая түскенін, беделінің артқанын және оны күнделікті өмірде оқып-үйренуге, қолдануға ынтасының күшейгенін айғақтайды. Сонымен қатар, бизнес, ғылым және технология саласындағы халықаралық қатынас тілі болып табылатын, ағылшын тіліне де қызығушылық артып келетінін көрсетеді.

Кілт сөздер: тіл саясаты, тілдік жоспарлау, престижді жоспарлау, тіл мәртебесі, тіл имиджі, тілдік қозғалыстар, «төменнен жоғарыға» тәсілі, жұмсақ күш.

Kipicne

Тіл мен қоғамның өзара байланысын айқындайтын тіл саясаты мәселесін зерттеу жергілікті деңгейде де, жаһандық деңгейде де өз өзектілігін жоғалтпауда. Тіл саясаты — тілдік дамуға қоғамның саналы ықпал етуінің теориясы мен тәжірибесі, яғни, қолданыстағы тілдерді белгілі бір мақсатта және ғылыми негізде басқару, сонымен қатар тілдік жаңа қарым-қатынас құралдарын жасау болып табылады [1; 296].

Ал тілдік жоспарлау — тілдің мәртебесін көтеру және оның жүйесі мен құрылымын өзгерту мақсатында оған әсер етудің әртүрлі тәсілдері. Тілдік жоспарлауды үкімет, ведомстволар мен агенттіктер, ғылыми комитеттер, қоғамдық ұйымдар немесе жеке тұлғалар жүзеге асыра алады [2; 153]. Тілді жоспарлауға арналған ресурстар мен құралдарды жеке адамдар, үкіметтер, үшінші тараптар немесе олардың бірлестігі қамтамасыз етуі мүмкін [3; 76].

Қазақ ғалымы Э.Д. Сулейменова тілдік жоспарлау ұғымына барлық құрамдас бөліктер мен функцияларды ескере отырып, барынша толық анықтама береді: «Тілдік жоспарлау — саналы түрде тілдің қызметін өзгерту (статусты жоспарлау), тілдің құрылымын реттеу (корпусты жоспарлау), тілді меңгеру үшін жағдай жасау (тілді меңгеруді жоспарлау) және тілдің мемлекет аумағында, мемлекет шекарасынан тыс жерлерде таралуына жағдайлар жасау (тіл таралуын жоспарлау) мақсатында тілдік жоспарлаудың жекелеген субъектілерінің (үкімет, әлеуметтік топтар, элита, халықаралық ұйымдар, партиялар, таптар, жеке тұлғалар немесе жеке топтар және т.б.) сөйлеушілердің (тілдік жоспарлаудың объектілері) тілдік тәжірибесіне әсер етудің нақты шаралары» [4].

Е. Хаугеннің (Haugen) тілдік жоспарлаудың классикалық моделі төрт кезеңді қамтиды: тілді таңдау (яғни, тіл саясатын әзірлеу), кодификация (яғни, ресми тіл мен сауаттылық стандартының дамуы), әзірлеу (яғни, тілдің үздіксіз функционалдық дамуы) және іске асыру (яғни, әрекет ету және қалған үш кезеңді қолдау) [5; 123]. Н. Хорнбергердің (Hornberger) тілдік жоспарлаудың интегративті негізі сәл басқаша бағытқа ие, әрі тағы бір жаңа категорияны қамтиды. Тіл маманы тілді меңгеруді

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: khamidulladinara@gmail.com

жоспарлау, бұл өз кезегінде тілдік мәртебені жоспарлауға және корпусты жоспарлауға негізделгенін айқындайды [6; 21]. Р. Балдауф (Baldauf) тіл беделі мен имиджді жоспарлауға қатысты тағы бір категорияны енгізді [7; 36]. Нәтижесінде, оның категориялары: статусты жоспарлау (қоғамға қатысты), корпусты жоспарлау (тілдің өзіне қатысты), білім берудегі тілді жоспарлау (тілді меңгеруге қатысты), престиж бен имиджді жоспарлау (тілдің беделіне қатысты).

Престижді жоспарлау тәсіл тұрғысынан жоспарлаудың басқа категорияларынан ерекшеленеді. Статусты немесе корпусты жоспарлау әдетте жоғарыдан төмен әдістерге тән қысым көрсету тәсілдері арқылы жүзеге асырылса, престижді жоспарлау төменнен жоғарыға бағытталған, әдетте демократиялық және нанымды әдістерімен айрықша [8; 264]. Мысалы, престижді жоспарлау оңды және аз арандатушылық шаралар арқылы көзқарасты өзгертуге нұсқайды және мақсатты аудиторияның бірлескен қолдауына үлкен мән береді.

Қазақстандағы қазіргі тіл саясаты республикадағы әлеуметтік-демографиялық және тілдік күрделілікті көрсетеді. Бір жағынан, Қазақстан үкіметі қазақ тілін тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі ретінде бекітуге бағытталған қазақшалауды саясатын жүргізуде. Екінші жағынан, үкіметтің орыс және басқа тілдерді қолдауға бағытталған көптілділік саясаты. Оған қоса, ағылшын тілінің қазақстандық қоғамға жылдам енуі үкіметтің елімізді аймақтық және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілетті елге айналдыру амбициясымен көптілді идеологияны қабылдауға тура келгенін де айтып өткен жөн.

Дегенмен, қазақ тілінің мәртебесін, оның құзыретін іс жүзінде нығайту мәселесі, өкінішке орай, әлі күнге өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезең келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазас жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек» деп, қазақ тілін дамытуға қатысты өз ойымен бөлісті [9].

Аталған мәселе бойынша престижді жоспарлау негізінде қазақ тілінің қолданыс аясын төменнен жоғарыға қарай жұмсақ күштің септігімен кеңейтуге болатынына көз жеткізейік.

Теориялық негіз

Престижді белгілі бір саясаттағы тілдің мәртебесін көтеру процесі ретінде қарапайым түрде анықтауға болады. Тіл престижіне қалай жетуге болатынына келетін болсақ, престиждің үш түрін, атап айтқанда сауаттылық престиж, экономикалық престиж және академиялық престижді біріктіру арқылы жүзеге асыруға болады. Сауаттылық престиж жайында айтатын болсақ, тіл өнер мен бұқаралық ақпарат құралдарында насихатталуы керек. Мысалы, үкімет белгілі бір алуандықты айналымда сақтай алатын фильмдер, шоулар мен кітаптар шығаруға инвестиция сала алады. Осылайша, тиісті тілге оның беделін арттыратын, демек, оның жоғалуын болдырмайтын негіз беріледі.

Экономикалық престиж, аты айтып тұрғандай, ең алдымен экономикалық құндылықты қарастырылып отырған тілмен байланыстыруға қатысты. Яғни, тұтынушылар тілді инвестиция салуға құштар болатын тауар ретінде қарастырумен тең десек болады [10; 187]. Бұл мағынада А. Бамгбос (Bamgbose) метафоралық түрде тілді валютамен теңестіреді [11; 139]. Ол үшін тіл неғұрлым көп сатып алса, лингвистикалық нарықта оның құндылығы соғұрлым жоғары болады. Экономикалық беделдің ең маңызды қағидасы — білім мен еңбек нарығы арасында белгіленуі тиіс айқын экономикалық қайтарым [12; 144]. Яғни, экономикалық мәні бар тіл адамдардың оны үйренуіне түрткі болады. Бұл экономикалық престижді тілдік престижді жоспарлау тәсілінің орталық құрамдас бөлігі етеді.

Соңғысы, академиялық престиж тілдерді лингвистикалық тұрғыдан қолдаумен айналысады. Бұл тілдің мәртебесін кез келген таңдалған тілді стандарттауға және кодтауға көмектесетін мұқият академиялық зерттеулер арқылы жетілдіруге болатынын білдіреді. Академиялық беделді белгілі бір тілге қолдану оның лексикасы мен құрылымын белгілі бір сөйлеу қауымдастығы қалаған қажетті талаптарды қанағаттандыру үшін байытуға және жаңартуға көмектеседі [13; 204]. Реттелетін әртүрлілік идеясына қайта оралсақ, таңдалған негізгі тілге өзінің негізгі мәртебесін сақтау үшін міндетті түрде барлық осы үш престиж түрін жетілдірген дұрыс.

Хаарман (Н. Haarmann) престижді жоспарлауды тұтас тілдік жоспарлаудың құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды [14; 19]. Корпус немесе статусты жоспарлау сәтті болуы үшін жоспарлау объектісіне қатысты престиж мәселелерін ескеру қажет деп түсіндіреді. Осылайша, престижді жоспарлау жоспарлаудың барлық кезеңдерінде негізгі фактор болып табылады [15; 54]. Атап айтқанда, престиждің статуспен тығыз байланысы бар. Д. Эйджер (Ager) атап өткендей, тілдің статусы — оның белгілі бір әлеуметтік ортадағы басқа тілдерге қатысты орны, ал престиж — бұл қарым-қатынасты сол әлеумет-

тік ортаны мекендейтіндердің қалай қабылдайтыны. Осылайша престиж статусты көрсетеді, ал таусты тиімді жоспарлау көбінесе престижді жоспарлау элементтерін қамтиды [16; 169].

Д. Бемнің (Bem) Модельдеу теориясына сәйкес, адамдарға «біз өзімізді сәйкестендіретін, мақұлдауын қалайтын немесе беделді деп санайтын топтардың көзқарастары қатты әсер етеді» [17; 221]. Егер жоспарланған өнімді беделді қоғам қайраткерлері пайдаланса (жеке ілгерілету), онда ықпалды азаматтар мен әлеуметтік элита ұсынатын тілдік мінез-құлық бүкіл қоғамға бағыт-бағдар береді; ол халықты беделді үлгілермен қамтамасыз етеді, бұл стихиялы еліктеушілікке әкеледі. Осылайша, тіл саясатының шешімдерін қабылдау процесінде анағұрлым тиімді әдістеме төменнен жоғарыға қарай жұмыс істеу моделі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеу престижді жоспарлауды тілдік жоспарлаудың тағы бір категориясы ретінде анықтау мақсатында екі негізгі міндетті көздейді. Оның бірі — төменнен жоғары жоспарлауға байланысты Қазақстандағы тілдік ахуалда қандай елеулі өзгерістер болып жатқанын бағалау болса, екіншісі — Қазақстандағы тілдердің рөлі мен маңыздылығы, тілдерді дамыту мен қолданылу аясын кеңейту мәселесі.

Жоғарыда аталған міндеттерді орындау үшін біз сандық және сапалық зерттеу элементтерін біріктіруді шештік. Нәтижелерге қол жеткізу үшін біз ашық және жабық сұрақтардан тұратын онлайн сауалнамалар жүргіздік. Бұл қысқа уақыт ішінде көптеген қатысушылармен байланысуға мүмкіндік берді.

Сауалнама 3 бөлімнен, 28 сұрақтан тұрады. 1-бөлімде сұрақтар респонденттердің жасын, этникалық тегін, кәсібін, тілді меңгеру дәрежесін анықтауға бағытталған; 2-бөлімде респонденттерге Қазақстандағы тілдердің рөлі мен маңыздылығын анықтау мақсатында сұрақтар қойылды, ал 3-бөлімде қатысушыларға қазақ тілін дамыту және оның қолданылу аясын кеңейту шараларына қатысты ашық сұрақтар берілді.

Сауалнамаға барлығы 16 мен 54 жас аралығындағы 268 респондент қатысты, оның ішінде 159 әйел адам (59%) және 109 ер адам (41%). Сауалнамаға қатысқандардың ішінде 11 адам ғана ашық сұрақтарға толық, мәнді жауап берді. Төменде біз қатысушылардың ашық жауаптарының тізімін береміз. Қатысушылар R әрпімен және санмен белгіленді. Мәтіндердің идеясы мен өзіндік ерекшелігі толық сақталған. Дегенмен, мәтіндердің емлесі, грамматикасы, тыныс белгілері, жалқы есімдері тексерілді.

Деректерді жинау кезеңі 2022 жылдың маусым айынан бастап тамыз айына дейін созылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Қазақстанда тарихи себептерге байланысты қалыптасқан тілдік ахуал, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесі ел азаматтары жиі көтеріп жүрген түйткілді жайттың бірі. Осыған орай, бүгінде қоғамда қазақ тілінің беделін, оның құзыретін іс жүзінде нығайтудың бастамалары мен қозғаушы күштері артуда.

Тілдің өркендеуін насихаттап, тіл мәртебесін көтеруге атсалысып жүрген қайраткерлердің тілдік қозғалыстарына көз жүгіртейік.

Qazaqsha Jaz – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге ұмтылған қозғалыс. Бұл қозғалыстың мақсаты — қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі өкілдігін арттыру. Жас белсенділерден құралған қазақтілді тұтынушылардың құқықтарын қорғау тобы желідегі түрлі компаниялардың, кафе, мейрамханалар мен дүкендердің парақшаларына кіріп, қазақ тілінде пікір қалдырып, сыпайы түрде ақпарат сұрайды. Белсенділердің бірнеше ережелері бар: тек заң аясында әрекет ету, сыпайы болу және балағат сөздер жазбау.

Белсенді жастар тобы қысқа уақыт ішінде жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Бұған тиімділік факторы да дәлел: олар хабарласқан компаниялар аккаунттарының 85%-ы әлеуметтік желілердегі парақшаларын қазақ және орыс тілдерінде жүргізе бастады. Сонымен қатар, олар Kaspi.kz қосымшасын қазақ тіліне толық аударуға қол жеткізді.

Kazaksha tea-talk — журналист Александра Мыскинаның тағы бір керемет жобасы. Тіл белсендісі қазақтың салт-дәстүріне сай шай ішіп, мемлекеттік тілде әңгімелесу сынды іс-шаралар ұйымдастырады. Қазақ тілін үйренемін, жетілдіремін деушілер студенттік партаға емес, дастархан басына отырып, тапсырмаларды орындайды, диалогтар құрастырады, баяндамашыларды тыңдайды. Мұның бәрі шектеулер мен кедергілерді жою үшін мейірімді, жайлы атмосферада өтеді.

Batyl bol — алматылық Алексей Скалозубовтың жаңа жобасы. Клубтың атауы қазақ тілінде сөйлеуге деген жеке кедергілер мен қорқынышты жеңу деген ойды жақсы ашады. Алексей қазақ тілін үйренемін деушілермен апта сайын кездесулер ұйымдастырып, қазақ тілін бірге жаттықтырады. Әр кездесуде қазақ тілін еркін меңгерген, қазақ тілін үйрететін және репетитор тәжірибесі бар волонтерлер мен кураторлар болады. Олар түсінбеген сұрақтарға жауап беріп, сөйлем мен диалог құрауға, бейтаныс сөздерді аударуға көмектеседі. Алексейдің авторлық әдістемесі өте қарапайым. Кездесуде тақырыпқа қатысты сөйлемдер, фразалар, қарапайым диалогтар жазылған брошюралар таратылады. Тіпті қазақ әліпбиін білмейтін жаңадан үйренушілер мен шетелдіктер бірінші кездесуден-ақ сәлемдесіп, дәмханада тамаққа тапсырыс бере алады.

Dopamine voice атты Қазақстанның әр қалаларынан жиналған жас белсенділер тобы қазақша сапалы контентті көбейту мақсатында жапон анимесін қазақ тіліне аударып, дубляж жасап жүр. Жасыратыны жоқ, қазір жапондық аниме мәдениеті жастар арасында үлкен қызығушылық тудырып отыр. Әлеуметтік желіде танымал болып келе жатқан топтың құрамында дыбыстаушылар да, аудармашылар да, редакторлар да бар. Дегенмен, жастар тобы әлі де сырттан қолдаусыз жалаң ынтамен жұмыс істеп жатқандары рас.

Тіл жанашырлары қазақ тілі грамматикасына да мән беруге тырысады. Әр мәтінді филолог мамандар мен журналистерге бірнеше рет тексертіп шығады. Сонымен қоса, қазақтың барлық төл әріптерінің дұрыс дыбысталуына да барынша зер салады.

«ÖZINŞE» — қазақ тіліндегі алғашқы балалар онлайн кинотеатры. Стримингтік платформада әртүрлі жастағы балалар қазақ тілінде фильмдер, мультфильмдер, сериалдар мен ситкомдарды көре алады. ÖZINŞE қолданбасын барлығы AppStore және GooglePlay интернет-дүкендерінен тегін жүктей алады. Бүгінгі күні платформада балаларға арналған 3400 минуттық ойын-сауық және танымдық контент қолжетімді.

Блогер, тиктокер, домбырашы, Алексей Лодочников әлеуметтік желіде еліміз, құндылықтарымыз және қазақ халқы туралы әңгімелейтін қысқа бейнебаяндарымен танымал. Қазіргі уақытта Instagram желісінде оған 132 мыңнан астам адам жазылған. Блогер оқырмандарымен оңай әрі түсінікті форматта қазақ тілін үйренудің қыр-сыры, ауызекі тілде жиі кездесетін қателермен бөліседі.

Қазақ тілін ғана емес, домбыраны да жетік меңгерген, ұлты литвалық, «ГолосОК» музыка студиясының жетекшісі Бронислав Бугинас балаларға музыкадан ғана емес, тіл үйренемін деушілерге қазақ тілінен сабақ беруге әрқашан да дайын екендігін ашық айтады.

Зерттеуіміздің екінші міндеті Қазақстандағы тілдердің рөлі мен маңыздылығы, тілдерге деген қарым-қатынас, тілдерді дамыту мен қолданылу аясын кеңейту шараларына бағытталған.

Жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық сауалнаманың 1-ші блогын талдауда қатысушылардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу деңгейінің ерекшеліктері анықталды (1-кесте).

1 - кесте

Респонденттердің тілді меңгеру дәрежесі


Жауап нұсқалары	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Еркін сөйлеймін	64, 7 %	87, 6 %	38, 1%
Сөйлеуде қиындықтар бар	23,8 %	9,5 %	42, 6 %
Сөйлемеймін	2,9%	-	13,3 %
Жауап беруден бас тартты	8,6 %	2,9 %	6 %

Кестеде келтірілген деректер орыс тілінің айқын басымдылығын көрсетеді. Бірақ мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, сондай-ақ тілдердің үштұғырлығы аясында ағылшын тілін ілгерілету саясатының тиімділігін дәлелдейтін қазақ және ағылшын тілдерінің жеткілікті сенімді коммуникативтік ұстанымдарын да атап өткен жөн.

Ағылшын тілін білу деңгейі туралы сұраққа респонденттердің жауаптары келесідей болды: Beginner (бастапқы) — 17,8%, Pre-Intermediate (жалғастырушы) — 19,0%, Intermediate (ортаңғы) — 11,4%, Upper-Intermediate (ортаңғы деңгейден жоғары) — 23,5%, Advanced (жетілдірілген) — 14,6%. Респонденттердің 13,7%-ы тіл үйренуге деген ынтасын айта отырып, ағылшын тілін ешбір деңгейде білмейтінін түсіндіре отырып, жауап беруден бас тартты.

Келесі сұрақтар блогы тілдерге деген қарым-қатынасты, Қазақстандағы тілдердің рөлі мен оларды білудің маңыздылығын анықтауға арналған.

«Қазақстандағы тілдердің қайсысын ең беделді деп санайсыз?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары келесідей болды (1-диаграмма):



1-диаграмма. Респонденттер үшін Қазақстандағы престижді тіл

Бірінші диаграммада келтірілген деректерден қазақ тілінің мәртебесінің нығайғанын аңғаруға болады. Респонденттердің көпшілігі қазақ тілі Қазақстанның еңбек нарығында айтарлықтай күшті бәсекелестік артықшылыққа айналып келе жатқанын айтты.

Сондай-ақ, респонденттердің арасында ағылшын тілі престижді тілдердің бірі болып қабылданады. Бұл қазіргі уақытта Қазақстанда ағылшын тілін білу жас маманның ел ішінде де, шетелде де еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін анықтаушы элемент болып табылатынымен түсіндіріледі. Қазақ және орыс тілдерімен қатар ағылшын тілін жетік меңгеру қазір мемлекеттік маңызы бар міндетке айналды.

Ағылшын тілінің қазіргі қазақстандық қоғам өміріндегі маңыздылығы мен одан әрі кәсіби және мансаптық өсудегі рөліне респонденттердің келесі сауалға берген жауаптары дәлел. «Кәсіби өсу үшін ағылшын тілін білу сіз үшін қаншалықты маңызды?» деген сұраққа респонденттер былай деп жауап берді: «өте маңызды» — 26 %, «маңызды» — 49 %, «оншалықты маңызды емес» — 11 %, «маңызды емес» — 13 %, ал 2 % жауап беруден бас тартты. Осылайша, сауалнама барысында алынған мәліметтерге сүйене отырып, респонденттердің көпшілігі кәсіби қызметінің одан әрі дамуын ағылшын тілін білумен байланыстырады деуге болады.

«Сіз ағылшын тілінен қазіргі біліміңізді жетілдіру керек деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа мынадай жауаптар алынды: 72,6 % респондент «иә, мен ағылшын тілінен білімімді жақсартуым керек» деп жауап берді және тек 18,4 % респондент «жоқ, менің ағылшын тілінен деңгейім оқу/жұмысым үшін жеткілікті» деп жауап берді, ал қалған 9% респондент бұл сұраққа жауап бермеуін шешкен. Осы респонденттердің 18,4% арасында ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеру қажеттілігін көрмеген аға буын өкілдері болғанын атап өткен жөн. Ал «Сіз қазақ тілі бойынша біліміңізді арттыру керек деп ойлайсыз ба» деген сұраққа берілген жауаптардан келесі жағдайды байқауға болады: қатысушылардың 56,7%-ы оң жауап қайтарса, қалған 43,3%-ы олардың қазақ тілінен білімдерін жақсарту қажет емес деп санаған.

«Қазақ тілін дамытудың қандай шараларын ең тиімді деп санайсыз?» деген сұраққа төмендегідей жауаптар алынды: респонденттердің 42,9 % «мемлекеттік тілде оқытатын балабақшалар, мектептер, жоғары оқу орындары санының артуы», 6,4 % «теледидар мен радиода мемлекеттік тілде хабар таратуды кеңейту», 24,8 % — «қазақтілді интернетті кеңейту», 7,9 % «басқа», 12,3 % «жоғарыда аталғандардың барлығы», 5,7 % жауап беруден бас тартты. Бұл деректер респонденттердің көпшілігінің қазақ тілін дамытудағы мектепке дейінгі, орта және жоғары білімнің рөліне қатысты сенімді ұстанымын көрсетеді. Сондай-ақ, респонденттер соңғы жылдары өскелең ұрпақ арасында үлкен танымалдыққа ие болған қазақтілді интернетті дамытуға ерекше назар аударды, бұл сәйкесінше мүдделі тараптардың (ерікті студенттер, тіл мамандары, тілдерді дамытуды қолдаушылар, қоғамдық ұйымдар, қоғамдық қорлар) қазақ тілінде көрсетілетін қызметтер мен ақпараттардың сапасын арттыру бойынша қарқынды жұмысына серпін болды. Қазақтілді контентті дамыту жұмыстарының күшеюі қазақ тіліндегі коммуникативті дағдыларды дамытуға интернеттің зор әсері бар екені анық.

Сауалнаманың соңғы бөлімінде қатысушылардан қазақ тілінің қолданыс аясын қалай кеңейтуге болатынын сұрауды жөн көрдік. Біз респонденттердің тек жиі таңдаған жауаптарын ұсынуды абзал деп санаймыз. Респонденттердің 70%-ға жуығы жаңалықтарды оқу, фильмдер көру және ақпаратты алдымен қазақ тілінде іздеу тиімді деп санайды. Қатысушылардың үштен бірі қазақтілді блогерлерге жазылу, күнделікті стористер түсіру, қазақ тілінде посттар мен пікірлер жазу қазақ тілінің кеңінен таралуына септігін тигізетініне сенімді. Сонымен қатар, респонденттер банкоматты қазақ тілінде пайдалану, мәзірді сұрау және оператормен сөйлесуді қазақ тілінде бастау сияқты нұсқаларды да атап өтті. Дегенмен, ең қызық жауаптардың қатарында баламен тек қазақша сөйлесу, қазақ тілінде сөйлегендерге мақтау айту, қазақша мерч кию.

Қазақ тілін дамыту және оның қолданылу аясын кеңейту шараларына қатысты ашық сұрақтарға берілген жауаптарға назар аударайық.

Алғашқы респондент R1 тілдерді меңгеруге қатысты өз тәжірибесімен бөлісе отырып, қазақ тілінің бастапқы деңгейін үйрену жайлы ойын жеткізді. *«Менің ойымша, тіл үйренуді айтарлықтай жеңілдету қажет. Адамдар жиі талқылайтын 10-15 тақырыптың лексикалық жиынтығы мен бір-неше грамматикалық құрылымдарды ғана қалдырса жақсы болар еді. Мысалы, YouTube сайтында әйгілі полиглот Петровтың түрлі тілдерді үйренуге арналған видеолары бар. Осы видеолардың арқасында мен базалық испан тілін үйрендім. Өз басым бұл керемет нәтиже деп санаймын. Мұндай полиглоттық курстар әдетте 2 аптаға есептелген. Менің ойымша, бұл тілдің ең бастапқы деңгейін меңгеру үшін жеткілікті уақыт. Сонымен қатар, мұндай кезеңде тіл үйренуге деген ынта мен мотивацияның жоғалу қаупі өте төмен. Меніңше, мұндай жоба жүзеге асса, көбі қазақ тілінің ең болмаса қыр-сырын меңгеріп, одан кейін тілдік ортада жаттығатын еді».*

Бүгінгі таңда атақты психоллингвист, полиглот Дмитрий Петровтың оқыту әдісі шет тілін тез үйренудің ең тиімді әдістерінің бірі болып танылды. Бұл әдістің басты артықшылығы — теорияны практикада бірден қолдану, абстрактілі сөз тіркестерінің жиынтығын үйренбей, қызығушылықтар, мамандық және тағы да басқа тақырыптар жайында әңгіме құруға үйрету. Оқуды жеңіл және жағымды ету үшін қолайлы және жылы атмосфера қажет. Бұл да Петров әдісінің ажырамас, құнды бөлігі. Өйткені, тілдің қыр-сырын енді ғана меңгере бастаған адамда ұялу, тіпті кейде қорқыныш сезімі болуы мүмкін. Сондықтан, үйренушілерге қателіктер жіберуге болатынын ескертіп, оларды жоюда бірге жұмыс жасайтындарыңызды түсіндіру керек.

Келесі қатысушы R2 тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырудың бір жолымен бөлісті. *«Қазақ тілін білетін азаматтардың жалақысын көтеру тіл үйренуге үлкен мотивация болар еді».*

Кез келген пәнді меңгеруде, әсіресе тіл үйренуде мотивация үлкен рөл атқаратыны белгілі. Бұл оқу әрекеті құрылымының негізгі құрамдас бөлігі. Шын мәнінде, біреу үшін табыс деңгейін көтеру жақсы мотивация болып табылады. Дегенмен, ең жақсы мотивация — нәтиже. Оң нәтиже көрген бойда бұл саланы, біздің жағдайда тілді көбірек оқығыңыз келеді. Бұл жерде бүкіл денеміздің белсенділігін басқаратын биологиялық энергия туралы айтқан жөн. Дененің бұл жүйесі белгілі бір заңдарға сәйкес жұмыс істейді; қалау, шабыт, махаббат бұл жүйені қосып, энергия қажетті бағытқа бағытталатындай бағдарламаланған. Сондықтан, көбірек жаттығып, оң нәтиже көруге асыққан дұрыс.

Үшінші респонденттің R3 ойынша, тілді қазіргі кезде кең тараған музыкалық жанрдың бірі — рэп көмегімен меңгеруге болады. *«Қазақ тілін, әсіресе, жастар арасында сәнге айналдыруда рэп жанрының маңызы зор. Қазір көптеген жастар өнердің бұл түрін жақсы көреді және соның негізінде тілді оңай әрі тез үйренеді».*

Әрине, әндер оқулықтар мен қазақ тілінің классикалық курстарына балама бола алмайды. Дегенмен, мұндай әдістің де біраз жақсы жақтары бар. Біріншіден, тіл үйренемін деушілер қазақ тілін жақсырақ түсіне бастаумен қатар, жергілікті тұрғындардың көпшілігін түсіне алады. Екіншіден, сөздік қорларын ауызекі лексикамен байытып, қазақша сленгін үйрене алады. Үшіншіден, сөздерді сөздікпен жаттағаннан гөрі әндерден тезірек үйренеді; жаңа сөздер қолданылатын контексті бірден есте сақтай алады.

Келесі респондент R4 тілді төменнен жоғарыға, дәлірек айтқанда, балабақшалардан бастап енгізген дұрыс деп санайды. *«Менің ойымша, балабақшаларды қазақ тіліне аудару керек. Кез келген нәресте тілін қай тілде ашатын болса, сол тілге жақын болады. Салыстырмалы түрде, қазіргі таңда балалар үйінің бәрі қазақ тілінде. Балалар үйінен шыққан қанша басқа ұлт өкілдері болсын бәрі қазақ тілінде судай. Сондықтан қазақ тілін жүйелі түрде төменнен жоғарыға енгізген дұрыс деп ойлаймын. Жоғарыдан төмен әрекет жасап 60-тан асқан азаматтарға тікелей тіл үйренуді талап ету қысым болып саналады».*

Мектепке дейінгі мекемелерде балалар қазақ тілін өздерінің белсенді әрекеттері кезеңдерінде игеруі тиімді бір жол болып табылады. Балалар тілді үйренуге көмектесетін ерекше лингвистикалық механизммен туылады деп саналады. Яғни, кез келген тілді, ана тілін немесе шетел тілін үйрену — баланың табиғи қабілеті. Ең бастысы — дұрыс орта мен қажетті жағдай жасай білу. Сондай-ақ, баланың тілін дамытуда ата-ананың рөлі зор. Өз баласының ерекшелігін көріп, оны дұрыс бағалай және бағыттап біліп, біліммен, тәртіппен, еңбекпен ұштастырып отырса, бала тілінің дамуына қолайлы жағдай жасаса, бұдан балаға, оның болашағына үлкен пайда болары сөзсіз.

Қатысушы R5 тіл үйренуде мультфильмдердің рөлі жайлы өз ойымен бөлісті. *«Болашақ жастар мен жасөспірімдердің қолында. Кішкентай кезімде көрген қазақ мультфильмдері «Өрмекші адам» мен «Бәтменге» төтеп бере алмайтын еді. Сапасы жағынан да, мазмұны да, заман талабы жағынан да мүлде сәйкес келмейді. Мультфильмдер мен ертегілерге келгенде ескі киіз үйлер дәуірінде қалып қойғанымыз бар. Бір оқиганы қазіргі заманға лайықтап, басқаша айтуға болады деп ойлаймын».*

Балалардың тәрбиесі тілден басталатыны рас. Осыған байланысты ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Nickelodeon және Тіжі телеарналарымен келіссөз жүргізіп, шетелдік мультфильмдер қазақ тіліне аударыла бастады. Сонымен қатар, жоғарыда айтылған «Өзінше» онлайн кинотеатрында балалар өздерінің сүйікті фильмдері мен мультфильмдерін қазақ тілінде көре алады. Ал YouTube арнасынан қазақ ертегілерінің, аңыз-әңгімелерінің осы заманға сай бейімделген түрлерін табуға болады. Ендігі мақсат — тәрбиелік мәні зор қазақша мультфильмдердің санын арттырып, қазақ тілін насихаттау.

Келесі респондент R6 сәнді тілді қалыптастыруда шоу бизнестің әсері зор деп санайды. *«Менің ойымша, шоу-бизнес нағыз сәнді тілді жасай алады. Қазір спорт, түрлі телешоулар, концерттік бағдарламалар халықты баурап алатын шоу-бизнеске айналды. Бұл бағдарламаларды көргенде көрермен мен тыңдаушының тілдік бағдары қалыптасады. Ал шын мәнінде байқағаным, қазақстандық шоу-бизнесіте алғашында орысша ән айтып жүрген топтар бірте-бірте қазақша ән айта бастады, қазір көп топтар екі тілде де ән шығарды. Осылайша олар аудиторияның назарын аударып, контенттерін әртараптандырады. Осының барлығының қазақ тілінің сәнді тілге айналуына үлкен ықпалы бар екеніне шынында сенімдімін».*

Заманауи музыка — тілдегі қазіргі сәнді сөз тіркестер мен сленгтің нағыз қоймасы. Дәл осы тілдік элементтер «кітап» тілін емес, «жанды» тілді түсінуге, әрі бұл тілде сөйлеуге көмектеседі. Шыны керек, әндер тілді меңгерудің басқа әдістерімен салыстырғанда, сөздік қорды неғұрлым берік сіңіру және кеңейту құралы болып табылады.

Респондент R7 қазақ тілінде қарым-қатынас жасаушылар санын арттыру үшін, тілді, әсіресе ресми тілді барынша жеңілдеткен дұрыс деп санайды. *«Меніңше, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін, қазақ тілінде ақпарат алуды барынша қолжетімді жасау керек. Мысал үшін, әлеуметтік қызметтердің веб-порталдарында ресми қазақ тілін түсіну әдетте қиынға соғатындықтан, қолданушылар орыс тілін таңдауға мәжбүр болады. Сол үшін ақпаратты болсын, қызметті болсын қазақ тілінде жеңіл, әрі түсінікті беру керек. Барлығына таныс терминдерді аударып бермей, тілді бұрмалатпай қолдану керек. Өйткені, барлығы үшін ең бастысы тек коммуникация, бір-бірін түсіну болып табылады».*

Әлеуметтік лингвистика саласындағы Қазақстанның жетекші ғалымы Ж. Смагулова іс жүргізу тілі қарапайым, түсінікті болуы керек деп есептейді [18]. Мысалы, АҚШ-та «Simple English» қозғалысы құрылған, оның мақсаты — ресми мәтіндерді оқырмандардың кең ауқымына қолжетімді ету. Бүгінгі қоғамда орысша түпнұсқасы болмайынша, қазақ тілін түсіну қиынға соғады. Сондықтан, терминологияны біріздендіру мақсатымен осындай қозғалыстардың құрылуы тілдік мәселені шешуге көмектесері анық. Сондай-ақ, тіл маманы айтпақшы, тек орыс тілінен алшақтауға асықпай, түсінікті қарым-қатынас орната білгеніміз дұрыс.

R8 қатысушысының пікірінше, әркім тілге деген қажеттілікті арттыру мақсатында әрекеттенуі керек. *«Әр адам өз басынан бастауы керек. Қоғамдық жерлерде қазақша амандасып, қажет ақпаратты қазақша сұрап, қазақ тілінде жауап қайтарудың өзі үлкен нәтижелерге алып келетініне сенемін. Такси жүргізушілерімен әрқашанда қазақша амандасып, сөйлесемін. Қазіргі кезде байқағаным, жүргізушілер ұлттарына қарамастан, қазақ тілінде жауап қайтаруға асығады. Меніңше, осындай кішкентай болсын қадамдармен қазақ тілін престижді тіл ету әбден мүмкін».*

Шындығында, бір жағдайды өзгерткіміз келсе, өзімізден бастауымыз керек. Бұл қағида біздің тақырыбымызбен терең ұштасып отыр. Тіл тұғырын мәртебелі, беделді қылу үшін, әр тіл жанашыры

өз басынан бастауы керек. Бүгінде престижді жоспарлау негізінде қарапайым индивидтер ерең еңбек етуінің арқасында тілдік жағдайда елеулі өзгерістер болып жатқаны рас.

Келесі қатысушы R9 да, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында, балалар мен олардың қызығушылықтарына мән беруіміз қажет деп есептейді. *«Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін біздің фокусымыз, назарымыз балаларда болу керек. Балалар жиі кіретін әлеуметтік желілердегі контентті қазақ тілінде сапалы жасайық. TikTok, Instagram, YouTube-та қазақ тілінде қызықты жобалар жасауға болады. Сондай-ақ, ойындар арқылы да тілді біраз жаттықтыруға болады. Мысалы, балалар мен жасөспірімдердің көпшілігі ағылшын тілін ойындар арқылы жақсарта түскендері шындық. Дәл осы тактиканы қолдана отырып, неге қазақ тілін үйренбеске?!».*

«Z ұрпағы» бүгінгі таңда көп уақытын интернетте, әлеуметтік желілерде өткізетіндер рас. Олай болса, біздің міндетіміз — балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі қызығушылықтарын оқу үдерісінде бағыттап, әлеуметтік желілерді тіл үйренуде көмекші платформа ретінде пайдалану. Сондай-ақ, зерттеулер көрсеткендей, компьютерлік ойындардың тіл меңгеруде әсері зор. Өйткені, компьютерлік ойындар ойыншыларды ойын барысында шынайы болып қабылданатын әртүрлі жағдайларға орнықтырады. Бұл өз кезегінде балаларға шынайы тілдік ортада болуға мүмкіндік береді.

Жақында Қазақстанда ұлттық нақыштағы ойын өнімі «Nomads» браузерлік ойыны шықты. Ойын қазақ және орыс тілдерінде берілген. Біздің пайымдауымыз бойынша, бұл жастар тілін қалыптастыруға, әрі қазақ тілін сәнді тілге айналдыруға үлкен әсер етеді.

Респондент R10 тіл меңгеруде өзінің тәжірибесімен бөлісіп, подкаст атты құралдың тіл үйренуде бербер септігі жайлы атап өтті. *«Маған тіл меңгеруге әрқашанда подкасттар көмектесетін. Менің ойымша, бұл ең ыңғайлы жолдардың бірі. Қолжетімді, дайындықты қажет етпейді, әрі бос уақытыңды пайдалы өткізуге септігін тигізеді. Жұмысқа барар жолда қазақша түрлі қызықты оқиғаларды, диалогтарды, әңгімелерді тыңдап, сөздік қорды байытуға болады. Негұрлым көбірек подкасттар тыңдап, тілді жаттықтырса, соғұрлым тез сол тілде ойлай бастауға болатыны анық. Ендігі мәселе оңай, түсінікті, сапалы жазылған подкасттарды не бөлек қосымшаға, не YouTube арнасына шығарып, мақсатты аудиторияға жеткізіп, қазақ тілін насихаттау болып отыр».*

Подкасттар — тілдің лексика-грамматикалық, синтаксистік құрылымдарын есте сақтауға, сөздік қорды едәуір кеңейтуге, сөйлеудің әртүрлі стильдерін меңгеруге, елдің мәдениетін тануға көмектесетін тамаша ресурс. Бүгінде әлемде түрлі тақырыпқа арналған мыңдаған подкаст бар. Біздің елімізде бұл үрдіс өз қанатын енді ғана жайып жатыр. Шын мәнінде, қазақ тілін үйрету мақсатында әр алуан тақырыпқа жазылған аудио, видео жазбалар жиыны үлкен сұранысқа ие деп санаймыз.

Соңғы респондент R11 тілдің беделін арттыруда жоғары таптың ықпалы жайлы сөз қозғады. *«Әлемдік тұлғалардың қазақ тілінде сөйлеуі де қазақ тіліне үлкен пиар жасай алатынына сенімдімін. Жақында болған жағдай осыған жақсы мысал бола алады: Ресейдің атақты актері Иван Ургант Абай өлеңін Путинге қарсы толқыныс танытуда оқығаны бар. Сондай-ақ, АҚШ елшісі Джордж Кролдың да қазақ тілінде тіл қатуы қоғамды біраз қуантып тастады».*

Престижді жоспарлауда тілдің мәртебесін көтеру мен тілді насихаттау мақсатында өзге субъектердің әсері мол. Солардың бірі — тілдің таралуына элитаның ықпалы. Д. Бемнің теориясына сәйкес, егер жоспарланған өнімді беделді қоғам қайраткерлері пайдаланса, онда ықпалды азаматтар мен әлеуметтік элита ұсынатын тілдік мінез-құлық бүкіл қоғамға бағыт-бағдар береді, бұл стихиялы еліктеушілікке әкеледі [19; 77]. Осылайша, тіл саясатының шешімдерін қабылдау процесінде анағұрлым тиімді әдістеме төменнен жоғарыға қарай жұмыс істеу моделі болып табылады.

Қорытынды

Тіл саясаты мен жоспарлау әрқашан тілдік алуандылықты сақтаудан бастап, елдің тұрақты дамуына, мемлекеттік тілдің позициясын нығайтуға, сондай-ақ тілдерді стандарттау мен білім беру саясатына дейінгі ауқымды қамтитын ішкі саясаттың тиімді құралы болып табылады. Қазір тіл саясатын зерттеуде «жоспарлау» мен «саясат» қоғамның барлық деңгейлерінде, жеке адам мен отбасы деңгейінен бастап, ұлттық жоғары ұйымдарға дейін орын алатыны қабылданған. Біздің зерттеуімізде біз тілдік қатынасқа немесе тәжірибеге белсенді түрде әсер етуге тырысатын адамдарға: тіл қоғамдарының мүшелеріне, тіл белсенділері мен үгіт-насихатшыларына және мемлекеттік қызметкерлерге назар аудардық.

Зерттеулеріміздің нәтижесінде біз Қазақстанда төменнен жоғарыға қарай тілдік жоспарлау контекстінде алға қойылған келесі міндеттерді дәйекті түрде шештік:

- престижді жоспарлаудың негізгі мәні анықталды;

- тіл қозғалысы белсенділерінің талпыныстары мен тілдік жағдаятта болып жатқан елеулі өзгерістер сараланды;
- респонденттер үшін Қазақстандағы тілдердің рөлі мен маңызы зерттелді;
- сауалнамаға қатысушылардың қазақ тілін қалай сәнге айналдыруға болатыны туралы пікірлері зерделенді.

Жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық сауалнама респонденттердің Қазақстандағы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің рөліне қатысты ұстанымдарын анықтауға көмектесті. Түрлі саладағы сұранысқа байланысты тілдің танымалдылығы тілдің қоғамдағы ілгерілеуі мен беделді орынға жетудегі құндылығымен байланысты екені көрсетілді. Бұл зерттеу қазақ тілінің тұғырының шын мәнінде нығая түскенін, беделінің артқанын және оны күнделікті өмірде оқып-үйренуге, қолдануға ынтасының күшейгенін айғақтайды. Сонымен қатар, ағылшын тіліне де қызығушылық артып келеді, бұл табиғи нәрсе, өйткені бүгінгі таңда ол туризм, бизнес, ғылым және технология саласындағы халықаралық қатынас тілі болып табылады және оны білу көбірек мүмкіндіктер ашады.

Қорытындылай келе, барлық ағымдағы талпыныстар ашық немесе жанама түрде престижді жоспарлаудың қандай да бір өлшемін қамтиды деп айтуға болады. Сондай-ақ, кез келген тілдің қолданыс аясының кеңеюі тек жұмсақ күштің нәтижесінде болуы мүмкін. Сондықтан қазақ тілін төменнен жоғарыға қарай еш қысымсыз жүйелі түрде енгізуді тиімді деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сүлейменова Э.Д. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов / Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шәймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова. — 2 бас., өңд. — Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. — 394 б.
- 2 Sallabank J. Prestige from the bottom up: A review of language planning in Guernsey / J. Sallabank // Current Issues in Language Planning. — 2005. — Vol. 6. — №. 1. — P. 44-63.
- 3 Hult F.M. Research methods in language policy and planning: A practical guide: Vol. 7 / F.M. Hult, D.C. Johnson. — John Wiley & Sons, 2015.
- 4 Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика: моногр. / Э.Д. Сулейменова. — Алматы: Қазақ университеті, 2011. — 117 с.
- 5 Haugen E. Language conflict and language planning / E. Haugen // Language Conflict and Language Planning. — Harvard University Press, 2013.
- 6 Hornberger N.H. Frameworks and models in language policy and planning / N. H. Hornberger // An introduction to language policy: Theory and method. — 2006. — Vol. 24. — P. 41.
- 7 Baldauf Jr R.B. Language planning and policy: Recent trends, future directions / Jr. R.B. Baldauf. — 2004.
- 8 Hult F.M. A case of prestige and status planning: Swedish and English in Sweden / F.M. Hult // Current Issues in Language Planning. — 2005. — Vol. 6. — No. 1. — P. 73-79.
- 9 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomartokaevtynkazakstan-halky>.
- 10 Loutfi A. On language policy in Morocco: Towards a prestige planning approach / A. Loutfi, A. Noamane // La Revue Marocaine de la Pensée Contemporaine. — 2020. — No. 6.
- 11 Bamgboṣe A. Language and exclusion: The consequences of language policies in Africa: Vol. 12 / A. Bamgboṣe. — LIT Verlag Münster, 2000.
- 12 De Mejía A. M. Power, prestige and bilingualism / A.M. De Mejía // Power, Prestige and Bilingualism. — Multilingual Matters, 2002.
- 13 Haarmann H. Language planning in the light of a general theory of language: A methodological framework / H. Haarmann. — 1990.
- 14 Haarmann H. Language planning and prestige planning: Sprachplanung und Prestige Planung / H. Haarmann // Europa Ethnica. — 1984. — Vol. 41. — No. 2. — P. 81-89.
- 15 Haarmann H. Language in ethnicity / H. Haarmann // Language in Ethnicity. — De Gruyter Mouton, 2012.
- 16 Ager D.E. Prestige and image planning / D.E. Ager // Handbook of research in second language teaching and learning. — Routledge, 2005. — P. 1059-1078.
- 17 Ager D.E. Motivation in language planning and language policy: Vol. 119 / D.E. Ager. — Multilingual Matters, 2001.
- 18 Смағұлова Ж. Какой должна быть новая языковая реформа в Казахстане? / Ж. Смағұлова. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://centrasia.org/newsA.php?st=1646664660>.
- 19 Bem D.J. An experimental analysis of beliefs and attitudes / D.J. Bem. — University of Michigan, 1994.

Д.Н. Тлепберген, А.Ш. Акжигитова

Вопросы престижного планирования в Казахстане

Среди проблем социолингвистики особое место занимает проблема языкового планирования. Языковое планирование относится к действиям, предпринимаемым в речевом сообществе, чтобы повлиять на языковую функцию, структуру или усвоение языка. Языковое планирование часто рассматривается в рамках политики «сверху–вниз», управляемое государством. В настоящей статье основное внимание авторов было сосредоточено на престижном планировании, которое является основной категорией языкового планирования. Престижное планирование доказывает, что расширение сферы использования языка можно реализовать «снизу–вверх» с помощью мягкой силы. Авторами представлен обзор научных исследований, связанных с вопросом престижного планирования. Утверждается, что престижное планирование является основой успешного языкового прогнозирования. Отмечена важность использования мягкой силы при реализации языковой политики и языкового планирования, а также приведены примеры рационального использования инструментов мягкой силы при осуществлении престижного планирования в Казахстане. Были отмечены усилия активистов языковых движений и существенные изменения в языковой ситуации. На основе социолингвистического опроса изучены роль и значение языков в Казахстане для респондентов. Опрошены мнения участников опроса о том, как сделать казахский язык престижным. Данное исследование показывает, что фундамент казахского языка действительно укрепился, повысилась его репутация, возросло желание изучать и использовать его в повседневной жизни. Кроме того, возрос интерес к английскому языку, который является языком международного общения в сфере бизнеса, науки и техники.

Ключевые слова: языковая политика, языковое планирование, престижное планирование, статус языка, имидж языка, языковые движения, подход «снизу–вверх», мягкая сила.

D.N. Tlepbergen, A.Sh. Akzhigitova

Issues of prestige planning in Kazakhstan

Among the problems of sociolinguistics, the problem of language planning occupies a special place. Language planning refers to activities undertaken in a speech community to influence language function, structure, or language acquisition. Language planning is often regarded as a top-to-bottom activity that is government-controlled. In this article, the main focus of the authors was on prestige planning, which is the main category of language planning. Prestige planning proves that the scope of language can be expanded from the bottom-to-top with soft power. In this study, an overview of scientific research related to the issue of prestige planning was presented. It is argued that prestige planning is the basis of successful language forecasting. The importance of using soft power in the implementation of language policy and planning is noted, as well as examples of the rational use of soft power tools in the implementation of prestige planning in Kazakhstan. The efforts of language movement activists and significant changes in the language situation were distinguished. Based on the sociolinguistic survey, the role and importance of languages in Kazakhstan for the respondents was studied. Opinions of the survey participants on how to make the Kazakh language fashionable were revealed. This study shows that the foundation of the Kazakh language has really strengthened, its reputation has increased, and the desire to study and use it in everyday life has increased. In addition, the interest in English, which is the language of international communication in the field of business, science and technology, is also increasing.

Key words: language policy, language planning, prestige planning, language status, language image, language movements, “bottom-top” approach, soft power.

References

- 1 Suleimenova, E.D., Shaimerdenova, N.Zh., Smagulova, Zh.S., & Aqanova, D.H. (2019). Aleumettik lingvistika terimderinin sozdigi. Slovar sotsiolingvisticheskikh terminov [Dictionary of sociological terms]. Astana: «Arman–PV» baspasy [in Kazakh, in Russian].
- 2 Sallabank, J. (2005). Prestige from the bottom up: A review of language planning in Guernsey. *Current Issues in Language Planning*, 6(1), 44-63.
- 3 Hult, F.M., & Johnson, D.C. (2015). Research methods in language policy and planning: A practical guide (Vol. 7). John Wiley & Sons.
- 4 Suleimenova, E.D. (2011). Yazykovye protsessy i politika [Language processes and politics]. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].

- 5 Haugen, E. (2013). Language conflict and language planning. *Language Conflict and Language Planning*. Harvard University Press.
- 6 Hornberger, N.H. (2006). Frameworks and models in language policy and planning. An introduction to language policy. Theory and method, 24, 41.
- 7 Baldauf Jr.R.B. (2004). Language planning and policy: Recent trends, future directions.
- 8 Hult, F.M. (2005). A case of prestige and status planning: Swedish and English in Sweden. *Current Issues in Language Planning*, 6(1), 73-79.
- 9 Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyñ Qazaqstan khalqyna Zholdaýy [The message of the President of the country Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan]. (n.d.). <https://www.akorda.kz>. Retrieved from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomarttoqaevtyñkazakstan-halky> [in Kazakh].
- 10 Loutfi, A., & Noamane, A. (2020). On language policy in Morocco: Towards a prestige planning approach. *La Revue Marocaine de la Pensée Contemporaine*, 6.
- 11 Bamgboşe, A. (2000). Language and exclusion: The consequences of language policies in Africa (Vol. 12). LIT Verlag Münster.
- 12 De Mejía, A.M. (2002). Power, prestige and bilingualism. *Power, Prestige and Bilingualism. Multilingual Matters*.
- 13 Haarmann, H. (1990). Language planning in the light of a general theory of language: A methodological framework.
- 14 Haarmann, H. (1984). Language planning and prestige planning; Sprachplanung und Prestige Planung. *Europa Ethnica*, 41(2), 81-89.
- 15 Haarmann, H. (2012). Language in ethnicity. *Language in Ethnicity*. De Gruyter Mouton.
- 16 Ager, D.E. (2005). Prestige and image planning. *Handbook of research in second language teaching and learning*, 1059-1078). Routledge.
- 17 Ager, D.E. (2001). Motivation in language planning and language policy (Vol. 119). Multilingual Matters.
- 18 Smagulova, Zh. Kakoi dolzhna byt novaia yazykovaia reforma v Kazakhstane? [What should be the new language reform in Kazakhstan?]. (n.d.). <https://centrasia.org>. Retrieved from <https://centrasia.org/newsA.php?st=1646664660> [in Russian].
- 19 Bem, D.J. (1994). An experimental analysis of beliefs and attitudes. University of Michigan.